

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Студенттер күніне орай «Jastar talks» дөңгелек үстелі өтті

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.11.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/146280/>

2023 жылдың 17 қарашасында Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде Дүниежүзілік студенттер күніне арналған «Жастар talks» дөңгелек үстелі өтті. Іс-шара заманауи студенттік өмірдің өзекті мәселелерін көрсететін бірқатар негізгі тақырыптарды қамтыды:

1. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі Жастар саясатының рөлі. Осы тақырып аясында сарапшылар жастар саясатының қоғамдық пікірді қалыптастыруға, студенттердің елдің әлеуметтік және экономикалық өміріне қатысуына, сондай-ақ олардың саяси процестерге қосқан үлесін талқылады.

2. Студенттік жобалардың тұсаукесері. Студенттер ғылым мен технологиядан бастап өнер мен әлеуметтік бастамаларға дейінгі әртүрлі салаларды қамтитын инновациялық және шығармашылық жобаларын ұсынды.

3. «Оқу орындарында студенттердің оқу, тұру және қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу» жобасын іске асыру шеңберінде студенттік активтен ұсыныстар. Қатысушылар жоғары оқу орындарында студенттердің оқу, тұру және қызмет көрсету жағдайларын жақсартуға бағытталған студенттік активтің ұсыныстарын талқылады. Активпен өзара іс-қимыл тиімді әдістемелік ұсынымдарды әзірлеудің негізгі элементі болады.

«Жастар talks» дөңгелек үстелі студенттердің қоғамдық өмірдің түрлі салаларына белсенді қатысуының маңыздылығын көрсетті. Іс-шара идеялармен алмасуға, шешімдер іздеуге және жақсы болашақ құру үшін студенттердің әлеуетін дамытуға ықпал етті.



ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.